

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Literature

1. Иманбаева С. Т., Шахгуляри В. В. Влияния Глобализации На Воспитание Современной Казахской Молодежи //Вестник Исык-Кульского университета. – 2014. – №. 38. <https://nbisu.mou.su/load/0-0-0-2819-20>
2. Шульгина Д. Н. Глобализация и культурная идентичность //Дисс.... канд. философ. наук. – 2010. – Т. 9. – №. 11. – С.3. https://static.freereferats.ru/_avtoreferats/01004901326.pdf
3. А.М. Турлыбекова Влияние Глобализации На Национальную Культуру В Казахстане. – 2013. <https://articlekz.com/article/13165>
4. Цыренжапова Г. Г. Глобализация и проблемы развития казахского языка //Қазақстан халқының мәдени құндылықтары: әлемдік тәжірибе мен заманауи үрдістер контекстінде сақтау және дамыту. – 2023, 360-363 с. https://api.scienceweb.uz/storage/publication_files/4157/21101/65c9e7f914501___METU%20C%D0%B1%D0%BE%D1%80%D0%BD%D0%B8%D0%BA-1.pdf#page=180
5. Мейрбекова А. Н. Глобализация и Культура, 313-315с.

ӘОЖ 801.81

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ, МОНҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Аухат Зильмира, Есенқабұл Ақбота Русланқызы
aukhatzilmira@gmail.com, esenakbota4@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Журналистика және саясаттану факультетінің студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - С.Т. Бейсембаева

Монғолияның Ұлттық статистикалық басқармасының мәліметтері бойынша этникалық қазақтардың жалпы саны 102 983 адам, яғни монғолдардан кейінгі екінші орынды иеленеді. Қазақстан мен Монғолия арасындағы еңбек нарығы мен халықты жұмыспен қамту саласындағы өзара ынтымақтастық туралы Селісімге сәйкес 1991 жылдың қыркүйегінен басталды. Барлығы 83 000 адам көшіп келді. Кейіннен 12 000-нан астам қазақ Монғолияға кері оралды. 70 278 адам Қазақстанда өзінің жаңа отанын тапты. Қайда тұрса да жанымыз бір қазақпыз ғой. Дегенмен де осы Монғолия мен Қазақстанда тұратын қазақтардың арасында біршама ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Тіпті қазақ еліне оқуға келген балалардың монғолиядан келгені жергілікті қазақтарға бірден білінеді. Көп жағдайда бұл ерекшелікті жергілікті қазақтар алдымен олардың сөйлеу мәдениетіне қарап ажыратып жатады. Тек ғана сөз емес күнделікті жасайтын іс-әрекеттері, әдеттері мен салт-дәстүрге дейін айырмашылықтар бар. Монғол мен қазақ халқы ежелден достық қарым-қатынаста және биыл Монғолия мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 32 жыл толып отыр. Монғолиядағы қазақтар антропологиялық сипаттамасы жағынан ана жұрттағы ағайындарымен бірдей болуы олардың бір тектілігінің бұлжымас дәлелі екені айқын.

Енді бірінші осы айырмашылықтар туралы айтып кетейік:

- Монғолиядағы қазақтар бір-бірімен телефон арқылы хабарласқанда “Алло”-ның орнына “Бар ма” деген сөзді қолданады. Бұл сөз монғолдардың “байна уу” яғни барсың ба? деген сөзінен шыққан.
- Олар бір-бірімен хал сұрасқанда көбіне “не бар?” деген сөзді қолданады. Бұл да монғолдың “юу байна” деген сөзінен шыққан. Аудармасы сол “не бар, не жаңалық бар?” дегенге келеді.

Қазақстан	Моңғолия
Кесе	Шыны
Леген	Елеген
Шара	Тегене
Торсық	Битан
Шанышқы	Сээрэ
Батарейка	Пар
Шымылдық	Көшкі
Тарелка	Табак
Жақсы	Кемжоқ
Кіре-беріс	Коридор

- Моңғолиядағы қазақтар көп шай ішеді. Онымен қоса шайды тұзбен ішеді. Сапарлап келген қазақтар моңғолия қазақтарының осындай шайынан дәм татып таңданып жатады. Кейбіреуі жақсы екен деп ішіп алса, кейбіреуіне шайды бұлай ішкен ұнамайды. Не дегенмен де, жеке адамның таңдауы.

- Көші-қон мен экономикалық дамудағы тарихи айырмашылықтарға байланысты Моңғолия мен Қазақстандағы қазақтардың өмір салты мен қызметі әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, Моңғолиядағы қазақтар мал шаруашылығына көбірек көңіл бөлсе, Қазақстандағы қазақтардың кәсібі сан алуан болуы мүмкін.

- Моңғолияда ешбір жаңа түскен келін таңғы сағат 6 да тұрып үлкендерге сәлем салмайды. Өйткені оларда ондай қатып қалған заң жоқ. Моңғолия қазақтары ұлдарын үйлендіргенде қыз жақтың адамдары ұл жаққа қалың малға дүние болса не беру керегін, ақша болса қанша беру керегін немесе қоржын салатын үйлерге не беретіні туралы ештеңе айтпайды. Бұның барлығын жігіт және оның отбасы кімге не беретіндіктерін өздері шешеді.

- Моңғолия мен Қазақстандағы қазақтардың әлеуметтік жағдайы мен инфрақұрылымының даму деңгейі де әртүрлі

- Моңғолиялық қазақ балалары мектепте моңғол тілінде оқытылады.

- Моңғолия будда дініне кірсе, қазақтар ислам дініне кіреді.

- Моңғолиялық қазақ балалар өте ұялшақ келеді. Өзім де алғаш Қазақстанға оқуға келгенде сондай ұялшақ болдым. Бірақ уақыт өте келе үйренісіп кеттім. Негізінен моңғолиялық балаларда өз ойын еркін айтуға ешқандай шектеу жоқ. Бұлай ұялшақ болудың себебі үйдегі тәрбие мен тілдік барьердің әсері болуы мүмкін.

- Айырмашылығы жағынан қызық дерек айта кетсем: бізде қазақтарда төрт түлік мал деп атаса, Моңғолия қазақтары бес түлік мал деп атайды екен. Сондағы себеп, олар ешкіні де түлік малдың есебіне қосады.

Моңғолия мен Қазақстандағы қазақтар арасындағы бұл айырмашылықтар олардың бірегей тарихын, мәдениетін және өмір тәжірибесін көрсетеді деп білеміз

Ал енді ұқсастықтары туралы айтып кетейік:

- Екі жақтың қазақтары да әртүрлі тойды дүркіретіп жасайды. Сонау қиыр Моңғол елінде қалса да ондағы қазақтар салт-дәстүрге берік. Сырға салу, қыз ұзату, құда шай осы тойдың барлығын олар тойлайды.

- Қазақстанға қанша орыс мәдениеті ал Моңғолияға қанша моңғол мәдениеті кіріп кетсе де, екі жақтың қазақтары да ана тілдерін ұмытпаған. Тіпті Моңғолиядағы қазақтар өзге елде жүрсе де 100% қазақша сөйлеп жүре береді. Тек қоғамдық орындарға барса ғана моңғолша сөйлеу талап етіледі. Басқа уақытта еркін қазақша сөйлей береді.

- Екі жақта өте тойшыл қауым. Той десе ішкен астарын жерге қояды.

Және ең көп қаражатты да осы тойға жұмсайды.

- Екі жақта үйге сыйлы қонақ келсе бірінші ет асады. Өйткені ет екі жақ қазақтары үшін де “астың төресі”, “ ең сыйлы тамақ”.

Моңғолия мен Қазақстан арасындағы айырмашылықтарға қарамастан , екі елдің де мәдени және тарихи мұралары жетерлік . Өзіндік дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары , тарихқа қосқан үлесі әлемдік аренада маңызды мемлекеттерге айналдырды.

Моңғолиядағы қазақтар арасында «Дербес»бағдарламасы, «тоғыздың хабары»деген радио бар.Бір қызығы,олар қазақ тілінде жүргізіліп,хабар беріп отырады.

- Баян-Өлгийге іссапармен баратын Моңғол ұлтының өкілдері «біз тап бір Қазақстанға келгендей әсер аламыз» деген. Өйткені, бай өлкенің қазақтары біз секілді ұлттық киімдерін тек Наурыз тойында желпілдетіп киіп, басқа уақытта сандыққа салып қоймайды. Жасандылық жоқ. Ұлттық киімдерін күнделікті киіп, әшекейлі киіз үйінде ұлттық тағамдарын жасап, Қазақ радиосын тыңдап, Қазақтың Ұлттық арнасын көреді.

Қанша жерден екі мемлекетте тұрса да қазақтың жүрегі қазақ деп ғана соғады. Жыл сайын атамекенге Моңғолиядан көшіп келетіндер саны әжептәуір көп. Сонымен қатар қайтадан Моңғолияға оралып жатқандары да бар. Бұл енді адамның қайда өмір сүретінін өзінің ыңғайына қарай көретінін білдіреді. Қайда жүрсек те азғантай қазақ бір-бірімізге қол ұшын созып көмектесіп жүргеніміз жөн. Жоғарыда айтып өткендей қанша жерден айырмашылықтар болса да бәрі де қазақ. Азғантай ғана қазақ өмірде сыйласып жүргенге не жетсін. Күндердің бірінде барлығымызға бір елде, бір қолшатырдың астында өмір сүру нәсіп болар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келе,ортақ ерекшеліктер екі ел арасындағы экономика, туризм және мәдени жобалар сияқты әртүрлі салалардағы мәдени алмасу мен ынтымақтастықты жеңілдетеді.Ал Моңғолия мен Қазақстан арасындағы айырмашылықтарға қарамастан , екі елдің де тарихи мұралары жетерлік . Өзіндік дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары , тарихқа қосқан үлесі әлемдік аренада маңызды мемлекеттерге айналдыруда .

Қолданылған әдебиетер тізімі

6. Моңғолиядағы қазақ әдебиеті [Мәтін] / Қ. Қалиасқарұлы. – Алматы : Арыс, 2009. – 235.

UDC 341.1/8

INTERNATIONAL TREATIES AND THE PROBLEMS OF ENSURING THE AUTHENTICITY OF THEIR TRANSLATION INTO KAZAKH LANGUAGE

Koptleuova Asemai

koptlleuova@bk.ru

1st year master student of the specialty:International law, Faculty of law of

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Supervisor – A. Kadyskyzy

International agreements concluded by countries have become an important part of international law and are written confirmation of their agreement to assume certain obligations.The importance of these treaties was officially recognized by the adoption of the Vienna Convention on Diplomatic Relations in 1961 and the Vienna Convention on the Law of Treaties in 1969. Vienna Convention on the Law of Treaties 1969 Article 2 paragraph 1.a states that the concept of "treaty" is an international agreement concluded between States in writing and governed by international law, regardless of its actual name [1].

Participants in international law are represented by diverse groups speaking different languages.